

Тақырыбы: «Dosbolike» Буллингтен қорған! Менің ұжымым.

Күні: 15.09. 2025

Мақсаты:



- Оқушыларды достыққа, мейірімділікке, бір-біріне көмек көрсетуге тәрбиелеу.
- Достықтың адам өміріндегі маңызын түсіндіру.

Анықтама:

Сынып сағаты барысында оқушылар достық туралы мақал-мәтелдер айтып, жағдаяттық сұрақтарға жауап берді, шағын көріністер көрсетті және «Менің досым» атты сурет пен эссе жұмыстарын орындады. Ойын түрінде «Достық шеңбері», «Жылы сөздер бұрышы» сияқты қызықты жаттығулар өткізілді.

Оқушылар белсенділік танытып, бір-біріне жылы лебіздерін білдірді. Сабақ өз мақсатына жетті, оқушылардың достыққа деген түсінігі мен қарым-қатынасы нығая түсті.

Қорытынды: Сыныпта жағымды психологиялық ахуал орнап, балалар бір-біріне құрметпен қарау, көмектесу, жақсы қарым-қатынас орнату қажеттігін түсінді.



Сынып жетекшісі: Д.А Кобабаева

Астана қаласы әкімдігінің
«№107 жалпы орта білім беретін мектебі» КММ
2025-2026 оқу жылындағы
2 «Ә» сыныптың ата-аналар жиналысының
№2 ХАТТАМАСЫ

Жиналыс күні: 07 қараша 2025 ЖЫЛ

Жиналыс уақыты: 87:30

Жиналыс орны: 13В КАБИНЕТІ

Қатысқандар: 16

Қатыспағандар: 8

ТАҚЫРЫБЫ: «Мектеп – отбасы – бала: бір мақсат, бір мүдде»

КҮН ТӘРТІБІ:

1. I тоқсан бойынша оқушылардың үлгерімі
2. «Dosbolike» бағдарламасы.
3. «Үштік одақ» бойынша жұмысты жоспарлау

Тыңдалды:

1. Жиналыс барысында оқушылардың I тоқсан қорытындысы бойынша оқу үлгерімі мен тәртібі туралы есеп берілді. Математика, қазақ тілі, әдебиеттік оқу, орыс тілі пәндері бойынша оқушылардың жалпы үлгерімі жайлы атап өтілді. 3оқушылардың оқу техникасы бойынша төмендеу болып тұрғаны 3 оқушы, баяу оқитын 2 оқушы бар екендігі айтылды. Каллиграфиясы төмен 6 оқушы бар. Қосымша жұмыстар мен түзетулер жүргізілуде. Сыныпта 7 оқу озаты, 10 екпін, 7 қанағаттанарлық оқушы бар. Жалпы білім сапасы 66% .

2. Жиналыс барысында сынып жетекшісі ата-аналарға «Dosbolike» бағдарламасының негізгі мақсаты мен міндеттері туралы ақпарат берді. Бағдарламаның басты мақсаты – оқушылардың әлеуметтік, эмоционалдық дағдыларын дамыту, достық қарым-қатынас орнату, өзара сыйластық пен жауапкершілікті қалыптастыру екендігі түсіндірілді.

Бағдарлама аясында өткізілетін іс-шаралар, тренингтер мен ойындар арқылы балалардың өз-өзін тану, топта жұмыс істеу, басқаларды тыңдау және қолдау сияқты құндылықтары дамытыны айтылды.

3.Жиналыс барысында ата-ана мен бала арасындағы сенімді қарым-қатынастың бала тәрбиесіндегі рөлін, оның тұлға ретінде қалыптасуына әсерін түсіндірді. Психологиялық жаттығулар жүргізіліп, ата-аналар өз балаларына деген көзқарастарын қайта бағамдап, баламен дос болудың жолдары туралы пікір алмасты. Ата-аналарға бала тыңдай білудің, оны қолдаудың, ашық қарым-қатынас орнатудың маңыздылығы айтылды.

Қорытынды:

Оқушылардың оқу үлгерімі жақсы болғанымен, кейбір балалардың жазу мен оқуда қиындықтары бар. Мұғалімдер қосымша сабақтар мен жеке жұмыстар ұйымдастырып, әр балаға жеке көңіл бөлуде. Ата-аналардан балаларға үйде оқу мен жазуды жиі қайталаудың маңыздылығы түсіндіріліп айтылды. Мектеп ережесіне бағыну, мектеп мүлкіне зиян келтірмеу туралы ата-аналар балалармен түсіндірме жұмысын жүргізетіндігін айтты.

Сынып жетекшісі: Д.А. Копабаева

«Дос болайық», «Буллингтен қорған», «Менің ұжымым»

1 «Д» сынып

Тақырыбы: «Дос болайық», «Буллингтен қорған», «Менің ұжымым»

Мақсаты: 1-сынып оқушыларына достықтың, сыйластықтың және өзара көмек пен түсіністіктің маңызын ұғындыру; балаларды бір-біріне құрметпен қарауға, жылы сөз айтуға, жағымды қарым-қатынас орнатуға, буллинг пен ренжіту әрекеттерінен аулақ болуға үйрету.

Анықтама: Бұл сынып сағаты «ДосболLike» бағдарламасының мақсаттарына сай ұйымдастырылып, 1-сынып оқушыларының бір-бірімен достық қарым-қатынас орнатуына, жылы сөйлесіп, әдепті болуына бағытталған.

Сабақ барысында балалар «дос деген кім», «достық деген не» деген сұрақтарға жауап іздеп, бір-біріне көмектесудің, жақсы сөз айтудың, тыңдай білудің және кешіре білудің маңызын түсінеді.

Мұғалім балалармен бірге ойындар, сурет салу, шағын әңгімелер мен рөлдік көріністер арқылы достықтың мәнін ашады. Әр бала өз ойын еркін жеткізіп, жақсы мінез бен әдепті сөздің қуатын сезінеді.

Буллинг – біреуді мазақ ету, итеру, келеке қылу немесе ойыннан шығарып тастау сияқты ренжітетін іс-әрекеттер екенін балалар біледі. Сабақ барысында мұндай мінез-құлықтың дұрыс емес екені түсіндіріледі және балалар өздерін немесе өзгелерді қорғау үшін мұғалімге немесе үлкендерге айту керектігін үйренеді.

Сабақ соңында оқушылар бір-біріне жылы тілектер айтып, «Дос болайық!» ұранымен сынып ішінде татулық пен сыйластық атмосферасын қалыптастырады.

Қорытынды:

Жаман сөзбен ренжітпейміз ешкімді,

Көмек беріп, көтеріміз көңілді.

Бірлік, достық — мықты болар тірегім,

Сыйластықпен көркейеді жүрегім!



Сынып жетекші: Саркытова Ш.Е. 15.09.2025

Тақырыбы: «Dosbolike» Буллингтен қорған! Менің ұжымым.

Күні: 15.09.2025

Мақсаты:

- Оқушыларды достыққа, мейірімділікке, бір-біріне көмек көрсетуге тәрбиелеу.
- Достықтың адам өміріндегі маңызын түсіндіру.

Анықтама:

Сынып сағаты барысында оқушылар достық туралы мақал-мәтелдер айтып, жағдаяттық сұрақтарға жауап берді, шағын көріністер көрсетті және «Менің досым» атты сурет пен эссе жұмыстарын орындады. Ойын түрінде «Достық шеңбері», «Жылы сөздер бұрышы» сияқты қызықты жаттығулар өткізілді.

Оқушылар белсенділік танытып, бір-біріне жылы лебіздерін білдірді. Сабақ өз мақсатына жетті, оқушылардың достыққа деген түсінігі мен қарым-қатынасы нығая түсті.

Қорытынды: Сыныпта жағымды психологиялық ахуал орнап, балалар бір-біріне құрметпен қарау, көмектесу, жақсы қарым-қатынас орнату қажеттігін түсінді.

